Дуанаева Сандуғаш Ерубайқызының «Шет елде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі жаңа уақыт талабына орай әлем бойынша шетелдерде жоғары білім алу мүмкіндігін іздейтін және шетелде білім алуға ұмтылатын Қазақстандық студенттер, магистранттар мен докторанттар саны жылдан жылға артып келеді, тіпті тоқтаусыз артуда.

Елімізде білім алушылардың академиялық мобильділігін ұйымдастыру бойынша нормативті құжаттар жасақталған, бұл мәселе бойынша практикалық іс-әрекеттер тәжірибесін сипаттайтын айтарлықтай эмпирикалық материалдар да жинақталған, алайда, шетелде оқуда табысты болуға қажетті әлеуметтік-психологиялық алғышарттарды қарастыратын іргелі зерттеулер жоқтың қасы.

Бөгде мемлекетке алғаш рет білім алуға келген студент үшін, білім беру жүйесінің таныс емес құрылымына тап болуы үлкен стресс тудыратыны сөзсіз, шетелде оқу да оңай емес, оқудың табыстылығына қатысты туындайтын стресс мәселесін азайтуға негіз болатын резиленьттілік мәселесін зерттеу, болашақта шетелде білім аламын деген студенттер үшін психологиялық дайындықты қамти алатын маңызды зерттеу жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзекті маңыздылығы келесі зерттеу нәтижелерінен көре аламыз, яғни, шетелде оқып жатқан тек қазақ студенттері ғана емес, еліміздің экономикасына үлкен инвестициялар әкеліп жатқан шетелдік студенттерді және өз елімізде оқып жатқан студенттерді бірге зерттеп, зерттеуден алынған нәтижелерді салыстырып жасаған жаңа ғылыми мәліметтері үлкен ғылыми зерттеудің негізін қалай алады.

Аса назар аударатын тағы бір ғылыми нәтижелер Қазақстанда оқып жатқан шетелдік студенттердің нәтижелері бойынша этнописхологиялық аспектілермен қатар кросс-мәдени талдаулар жасалған, себебі Қазақстанда білім алып жатқан шетелдіктер, қытайлық және үндістандық студенттердің де психологиялық қиындықтары болатыны заңды құбылыс, сондықтанда шетелде оқып жатқан Қазақстандықтар мен біздің елімізде оқып жатқан шет елдіктердің, өз елінде білім алып жатқан студенттердің де оқудағы табыстылыққа әсер ететін стресс пен резильенттіліктің этнопсихологиялық аспектілерін алғаш рет зерттеу ең өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде Қазақстанда оқып жатқан Қытай мен Үндістан студенттерін зерттеулер бойынша біраз зерттеулер бар, алайда оқуға байланысты стресс пен резиленттілік мәселесі әрі этнопсихологиялық аспектілері бұрын зерттелмеген, енді ғана бірінші рет нақты зерттелініп отыр.

Шетелде оқитын студенттердің академиялық мобильдігінің табыстылығын анықтайтын стресс мәселесіне қатысты әлеуметтік және этностық психологиядағы зерттеулердің әзірге жеткіліксіздігі; шетелдік студенттердің стреске төзімділігі мен резильенттілігін дамытуға арналған

тиімді модельдердің, алгоритмдердің, технологиялардың нақты жасалмауы; шетелдік студенттердің стреске төзімділігі мен резильенттілігін дамыту үшін университеттерде психологиялық бағытта жұмыстарды ұйымдастырудың жеткіліксіздігіне байланысты зерттеулер диссертациялық зерттеудегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Осы ғылыми мәселелерге қатысты бір жағынан, шетелде оқитын студенттердің стресі мен резильенттілігінің этноспихологиялық аспектісін зерттеу қажеттігі осы зерттеудің негізін қалады. Екінші жағынан, әлеуметтік және этностық психология тұрғысынан шетелде оқитын студенттердің стресі мен резильенттілігінің көрінуі, мінез-құлықтың копинг стратегияларына жан-жақты талдау жүргізіп, эмпирикалық зерттеуді докторант С.Е. Дуанаева үлкен жауапкершілікпен аяқтап шықты.

Шетелде білім алып жатқан студент оқу процесі барысында академиялық деңгей алудан көптеген оң нәтижелер алса да, стресс алуы көптеген қиындықтар туғызады, өкінішке орай, шетелде оқитын студенттер және бізге де келіп оқып жатқан шетелдіктер сырт елде білім алуды таңдау алдында мұндай тәуекелдерді ескермейді. Басқа елге оқуға келгенде шетелдік студенттер көптеген кедергілерге тап болады, бұл олардың ынтасы мен оптимизм сезімдеріне күмән тудыра бастайды

Шетелде оқитын біздің студенттер қазіргі таңда академиялық мобильділіктің жаңа мүмкіндіктері мен шарттарына бейімделу кезеңін бастан кешуде, бұл олардың үйреншікті өмір салтының көптеген жақтарына, академиялық стресті еңсеруіндегі және өмірінің басқа да маңызды салаларындағы стрестерді бастан кешіруі олардың дәстүрлі әрекеттеріне әсер етуде. Этностық өзгешелікті, этностық менталділікті сақтау және білім алудың жаңа жағдайларына бейімделу қажеттілігі мен білім алушыны қабылдаушы елдің жаңа мәдениетін меңгеру арасында терең қайшылықтар туындайды.

Міне осы ғылыми мәселелерді теориялық-эмпирикалық зерттей отырып жаңа нәтижелерді тұжырымдау қажеттілігін докторант Дуанаева С.Е. жоғарғы жауапкершілікпен зерттей алуы зерттеудің маңызды ғылыми және практикалық өзектілігін айқындады.

Өзінің диссертациялық жұмысында Дуанаева С.Е. бүкіл әлемдегі студенттердің академиялық мобильділігінің дамуы мен қалыптасуы қажеттілігі мен түрлі этностық топтарға жататын шетелдік студенттердің академиялық мобильділігі табыстылығының ең маңызды алғышарттары ретінде стресстің, резильенттіліктің, копинг-мінез-құлықтың ерекшеліктері туралы ғылыми түсініктердің жеткілікті қарастырылмағанына орай диссертант бұл мәселені нақты зерттеп шыға алды.

Зерттеудің ғылыми аппаратының ішкі логикалық бірізділікті құруы, өзара байланыспен алынған зерттеу нәтижежелері мен қорытындылары, зерттеудің дизайны, стратегиясы, зерттеудің теориялық методологиясы және практикалық методологиясы, зерттеу мақсаты мен міндетерінің нақты орындалғанын және зерттеу болжамдарының бекітіліп дәлелденгені және

зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңдеу көрсеткіштері эксперименттік мәліметтердің жоғарғы статистикалық дәлдігін көрсете алады.

Зертеудің объектісінің, пәнінің, мақсаты мен міндеттердің тұжырымдалуы, зерттеу мәселесіне орай тағайындалған гипотезалар, зерттеудің методологиялық, теориялық және практикалық маңыздылығы автордың ғылыми жетілгендігінің, кемелденуінің дәлелі.

Жүйелік ықпал шеңберінде жұмыс істей отырып, зерттеу объектісі мен пәнін жүйелік талдаудың әртүрлі деңгейлерімен арақатысты зерттей отырып, ол стресс пен резильенттілік мәселелерін шетелдік, орыс және қазақстандық психология контекстінде егжей-тегжейлі қарастырды, стресс және резильентіліктің психологиядағы түсінік ретіндегі теориялық талдауын, студенттердің шетелде қазақ студенттерінің мобильді этностық топ ретіндегі этностық идентификациясын теориялық талдау арқылы негіздеді.

Дуанаева С.Е. зерттеудің мақсаты, объектісі мен пәніне байланысты **8 зерттеу міндеттерін тұжырымдап** оларды зерттеу барысында нақты орындай білді. Атап айтқанда студенттердің мобильділігі мәселесі бойынша әдебиеттерді зерделеп, шетелдік студенттердің оқу табыстылығына ықпал ететін факторлар мен шарттарды талдады, «стресс», «резильенттілік» және «копинг-мінез-құлық» ұғымдарын ашып көрсетіп, оларды шетелде оқудың қиындықтарын еңсерудің психологиялық факторлары ретінде сипаттады; шетелде оқитын қазақстандық студенттердің және біздің елімізде оқитын шетелдік студенттердің оқудағы табыстылығы мәселесінің мазмұнын талдады; шет елде оқитын студенттер стрессінің, резильенттілігінің және копинг-мінез-құлқының сапалық және сандық сипаттамаларын зерделеу бойынша эмпирикалық зерттеу бағдарламасын жасап сонының негізінде зерттеуді аяқтады.

Қазақстанда және шетелде оқитын қазақ студенттерінің стресі мен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін анықтады, Қазақстанда оқитын Қытайдан, Үндістаннан келген студенттерді және қазақ студенттермен салыстыра отырып, шетелде оқитын қазақстандық студенттердің стресі мен резильенттілігіне талдау жүргізіп, айырмашылықтарын эксперименттік зерттеумен негіздеді; стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық деңгейіне жыныстық, жас ерекшелігінің және шетелде оқу ұзақтығының ықпалы туралы эмпирикалық талдаулар жүргізіп, қорытынды шығарды; этнопсихологиялық аспектіні ескере отырып, студенттердің шетелде оқу табыстылығындағы стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтың рөлін зерделеу бойынша жүргізілген зерттеудің нәтижелерін түсіндіріп, жалпылап, математикалық статистикалық өңдеу жұмысын жасады; студенттік мобильділік жағдайында шетелде табысты оқуды қамтамасыз етуге бағытталған қазақстандық студенттерді **психологиялық даярлаудың ресурсқа бағдарланған бағдарламасын жасады.**

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігін С.Е. Дуанаева, қазіргі психологияның іргелі жетістіктеріне сүйенуіне байланысты; зерттеу мақсатына, пәніне, міндеттеріне және гипотезасына сәйкес келетін бір-бірін толықтыратын әдістер кешенін қолданып; сапалық және сандық талдаудың

үйлесімділігін қамтамасыз етті. Зерттеуден алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу үшін келесі математикалық аппарат негіздері пайдаланылды: мәліметтерді салыстырып талдаудың параметрлік емес критерийлері: Манна-Уитни, Крускалл – Уоллис, Спирменнің корреляциялық анализі, Кайзер бойынша нормализациялаудың басты компонент әдісі факторлық анализ, SPSS 23.0 арқылы категориялды анализ және жауаптардың жиілігі бойынша көптік анализі.

Шетелде білім алып жатқан қазақстандық студенттердің резильенттілігі мен стресінің этнопсихологиялық аспектілерін эмпирикалық зерттеу нәтижесінде алынған ең маңызды нәтижелері:

1.Шетелде және Қазақстанда оқитын қазақстандық студенттердің резильенттілік көрсеткіштері бойынша өзара аса айырмашылығы жоқ, атап айтқанда: резильенттіліктің, жеке құзыреттіліктің, өзін және өз өмірін қабылдаудың жалпы деңгейі бойынша.

Шетелде және өз елімізде оқитын қазақстандық студенттер арасындағы созылмалы стресс көрсеткіштері бойынша, яғни бақылауды жоғалту және мән-мағынан жоғалту көрсеткіштері бойынша аздаған маңызды айырмашылықтар анықталды. Елімізде оқитын қазақстандық студенттермен салыстырғанда, шетелде білім алатын қазақстандық студенттерге жаңа өмір жағдайына бейімделу үшін өзін өзі басқару қабілеті мен тұрақтылық, айнымас өмірлік бағыт-бағдарлар мен өз өміріне ықпал ету білу көбірек сияқты сапалар тән болды.

Одан бөлек, Қазақстанда оқитын қазақстандық студенттер, шетелде оқитын қазақстандық студенттермен салыстырғанда, қиын жағдайларды нәтижелі еңсерудің маңыздылығы мен мүмкіндіктерін жетік бағаламауға көбірек бейім, бұл олардың «қашықтық» копинг-стратегиясына көбірек жүгінетінінен байқалады.

Осылайша, зерттеудің бірінші гипотезасы тек ішінара ғана расталды, себебі Қазақстанда оқитын қазақ студенттерімен салыстырғанда, шетелде оқитын қазақстандық студенттерге резильенттіліктің біршама жоғары деңгейі тән емес, олар, жалпы, созылмалы стресттің біршама жоғары деңгейімен және әлдеқайда тиімді копинг-стратегияларымен ерекшеленбейді.

2. Қазақстаннан, Қытайдан және Үндістаннан келген студенттер резильенттіліктің барлық үш көрсеткіші бойынша айтарлықтай ажыратылады. Шетелде оқитын қазақстандық студенттерге, Үндістан мен Қытайдан келген студенттермен салыстырғанда, резильенттіліктің байқалуының орташа деңгейі тән.

Сондай-ақ, Қазақстаннан, Қытайдан және Үндістаннан келген студенттер созылмалы стрестің сегізінің ішінен алтауы бойынша өзара айтарлықтай ажыратылады (бақылауды жоғалту, мән-мағынаны жоғалту, ұйқының бұзылуы, демала алмау, эмоциялық теріс мәні бар тақырып, созылмалы стрестің жалпы деңгейі).

Жалпы, шетелде оқитын қазақстандық студенттерде, Қазақстанда білім алып жатқан және Қытайдан, Үндістаннан келген студенттермен салыстырғанда, созылмалы стресс деңгейі біршама төмен. Қазақстаннан,

Қытайдан және Үндістаннан келген студенттер сегіз копинг-стратегиялардың төрт көрсеткіші бойынша айтарлықтай ажыратылады (конфронтация, өзін-өзі бақылау, жауапкершілікті қабылдау, проблеманы шешуді жоспарлау).

Мінез-құлық копинг-стратегиясы ретінде конфронтацияға Қазақстаннан және Үндістаннан келген студенттер көбірек бейім. Копинг-мінез-құлық стратегиясы ретінде өзін-өзі бақылау шетелде оқитын қазақстандық студенттерге көбірек тән. Ал Үндістаннан келген студенттер жауапкершілікті алуға көбірек бейім. Шетелде оқитын қазақстандық студенттермен салыстырғанда Үндістаннан және Қытайдан келген студенттер проблеманы шешуді жоспарлауға бейімдірек.

Осылайша, зерттеудің екінші гипотезасы расталды, яғни, шетелде оқитын барлық студенттерде (қазақтарда, қытайларда, үндістерде) резильенттілік, стресті бастан өткеру және копинг-мінез-құлық деңгейінде ұқсастыққа қарағанда айырмашылық көбірек. Резильенттілік, стресті бастан өткеру және копинг-мінез-құлық стратегиясын таңдау деңгейінің нақты этнопсихологиялық жағы - студенттердің шетелде оқу табыстылығының шешуші тұсы болып табылады.

3.Үшінші гипотеза ішінара расталды. Стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық деңгейі мен гендерлік тиістілік арасында айтарлықтай корреляция байқалмады. Оған қоса, шетелде оқитын қазақстандық студенттердің жасы үлкен болған сайын олардың өзін және өз өмірін қабылдау азырақ тән, әрі олар стрестік жағдайды жағымды мағынада шектен тыс бағалауға азырақ қабілетті. Шетелде білім алу ұзақтығы шетелде оқитын қазақстандық студенттердіңі резильенттілігінің, созылмалы стрессінің және копинг-мінез-құлық тиімділігінің артуына айтарлықтай ықпал етпейді.

3.Қазақстандық студенттердің шетелде білім алу табыстылығының жасырын факторлары анықталды: 1. Копинг-мінез құлық стратегияларының алуандығы, ең алдымен, конфронтация мен арақашықтық; 2. Мән-мағынаның жоғалуы көрсеткіштерімен және эмоциялық-теріс сипаттағы тақырыппен анықталатын созылмалы стрестің төмен деңгейі; 3. Ең алдымен, жеке тұлғалық құзырет бойынша резильенттіліктің жоғары деңгейі; 4. Шетелде оқу кезіндегі жастың кішілігі жоспарлау мен оң бағалау сияқты мінез-құлықтың тиімді копинг-стратегияларын таңдауға мүмкіндік береді, ал бұл шетелде оқу табыстылығына жағымды әсер етеді; 5. Ұйқының бұзылмауы созылмалы стрестің төмен деңгейін көрсетіп, студенттердің шетелде оқу табыстылығына оң әсер етеді; 6. Жыныс пен оқу ұзақтығы резильенттілікпен, созылмалы стреспен, копинг-стратегиялармен және жалпы студенттердің оқу табыстылығымен өзара байланысты емес, яғни кез-келген жынысты, кез-келген жастағы қазақстандық студенттер шетелде табысты оқи алады.

4.Төртінші гипотеза ішінара расталған

Шетелдегі Қазақстандық студенттердің оқудағы табыстылығының этнопсихологиялық құрылымы бар, ондағы басты рөлдерді копинг-мінез-құлық стратегиялары, созылмалы стресс деңгейі және резильенттілік деңгейі алады, бұл шетелдегі ЖОО-да оқитын осы студенттер топтарын психологиялық даярлау бойынша ұсыныстарды жасақтауға мүмкіндік береді.

Резильенттілік, стресті бастан өткізу деңгейінің, копинг-мінез-құлық стратегиясын таңдаудың кроссмәдени (ұлтаралық) аспектісі шетелдік студенттердің оқуында шешуші мәнге ие, себебі шетелде білім алатын студенттер топтарының бәрінде (қазақтарда, қытайларда, үндістерде) резильенттілік, стресті бастан өткізу және копинг-мінез-құлық деңгейінде, ұқсастықтарға қарағанда, айырмашылықтар көбірек анықталған, ал мұны студенттердің шетелде оқу табыстылығы тұрғысынан ескеру қажет.

Диссертацияда анықталған шетелдегі қазақстандық студенттердің оқудағы табыстылығының этнопсихологиялық аспектілері:

Шетелде білім алуға көмектесетін қазақ халқына тән ұстанымдар қатарында «еңбекқорлық», «білімге құштарлық» (мысалы, әрбір қазақ білетін Абайдың қара сөздері) және «ата-анаға, отбасына деген махаббат» аталады. Шетелде оқуға көмектесетін қазақ халқы үшін үйреншікті эмоцияларға студенттер «сабырлықты», «өмірге құштарлықты» және, жалпы, қандай да бір жағымсыз жағдайларға эмоциялық төзімділікті, бірқалыптылықты танытуға көмектесетін «жағымды эмоцияларды» жатқызды.

Шетелде білім алуға көмектесетін қазақ халқы ділінің маңызды қасиеттері ретінде студенттер «дәстүрлерді құрметтеуді» (ең алдымен, жасы үлкендерді сыйлауды) және «қонақжайлықты» атады.

Қазақстандық студентке шетелде оқуға көмектесетін ең маңызды ресурстарға студенттер «еңбекқорлық пен сабырлықты», «шетелде білім алуға ынталылықты», «мақсаттылықты» жатқызды, ал «тіл білу» ресурс ретінде әлдеқайда сирек аталды. Яғни, қазақстандық студенттер жекетұлғалық және мотивациялық ресурстарды танымдық ресурстармен салыстырғанда әлдеқайда маңызды санайды.

Рефлексия мен табандылық, батылдық, көшбасшылыққа ұмтылу, биік мақсаттар мен амбициялардың болуы сияқты мінез-құлықтық сипаттамалар да ресурс ретінде бағаланады. Отансүйгіштік сезімі де ресурс ретінде жиі аталады, бірақ жоғары білім туралы жауаптар аясында «отан сүйгіштік» жауап-санаты кездескен жоқ. Бәлкім, шетелде білім алу өз еліңе, Отаныңа деген отансүйгіштік сезімінің қалыптасуына ықпал ететін болар, яғни, отбасыңнан, достарыңнан алыс болғанда, қазақ халқы ділінің шетелде табысты оқуға көмектесетін ерекшеліктері байқала бастайтын болуы керек.

5-ші гипотеза орындалған: шетелде табысты оқуды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстандық студенттерді психологиялық даярлаудың ресурсқа бағдарланған бағдарламасы жасалды.

Жалпы диссератциядан анықталған ең маңызды жағдайлар: зерттеу іріктемесіндегі қазақстандық студенттердің шетелде оқуға деген жоғары ынталылығы және студенттер үшін Отанындағы отбасы мен достарының және білім алу еліндегі адамдардың қолдауының, еліндегі университет тарапынан қолдаудың маңыздылығы.

Шетелде білім алудың бастапқы кезіндегі ең үлкен қиындықтар ретінде қазақстандық студенттер өздерінде және басқа студенттерде «тілдік мәселелерді», «эмоциялық-жеке тұлғалық мәселелерді» және «оқу мәселелерін» атап көрсетті. ҚР-дағы мектептегі және жоғары білім берудегі

артықшылықтарға қазақстандық студенттер, ең алдымен, ұйымдастырушылық-мазмұндық артықшылықтарды жатқызды, яғни мұнда білім алудың мақсаттары мен нәтижелерін анықтау және бағалау бірінші кезекте студенттердің емес, оқытушылардың міндеті саналады.

Қазақстандық студенттердің пікірінше, шетелдік университеттерде оқуды ұйымдастыру білім алушылардың әлдеқайда көбірек өз бетінше жұмыс жасауын талап етеді, ал ҚР-дағы мектептегі білім берудің айтарлықтай бұйрықты (директивті) үлгісінен кейін қазақстандық студенттерге бұл жүйеге бірден бейімделіп кету біраз қиындық тудырады.

Қазақстан азаматы ретінде шетелде білім алуға көмектесетін өздерінің жеке тұлғалық қасиеттеріне студенттер, ең алдымен, «мақсаттылықты», «табандылықты», «өз елім – Қазақстанмен ортақтық сезімін» жатқызды. Шетелде оқуға көмектесетін қазақ халқының жеке тұлғалық қасиеті ретінде, студенттердің пікірінше, бірінші кезекте, «мақсаттылықты» атап, бұл қасиетті «тәрбиелілік» пен «байыптылық» сияқты сипаттармен толықтырды.

Жоғары білім беру жүйесі тарапынан дәл осы ұйымдастырушылық және жеке мақсаттылықты, сондай-ақ, жеке тұлғалық мақсаттылықты қазақстандық студенттер шетелде білім алу барысында барынша жоғары бағалайды.

Докторант С.Е. Дуанаеваның зерттеу жұмысы бойынша алынған негізгі нәтижелер:

1-нәтиже ішінара жаңа: зерттеу нәтижелерінің сенімділігі қазіргі жаңа заманауи психология ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерін салыстыру мен талдауға байланысты нақтыланған.

2-нәтиже ішінара жаңа: зерттеу нәтижелерінің сенімділігі Қазақстандық студенттердің стресі, резильенттілігі және копинг-мінез-құлқы және шет елде окитын студенттердің стресі мен резиленьтілігінің этнопсихологиялық аспектілері шетелдік, ресейлік және қазақстандық психологияның контекстіндегі зерттеулердің айтарлықтай көлемі мен сыни талдауға байланысты нақтыланған.

3-нәтиже жаңа, себебі оны автор жеке өзі жүзеге асырды:

ҚР-нан келіп, оқып жүрген шетелдік студенттердің резильенттілігі, стресі мен копинг-мінез-құлқын зерттеу бойынша алған нәтижелер - қазіргі таңда осы саладағы бірегей, алғашқы эмпирикалық нәтижелер. Осы зерттеуге дейін резильенттілік феномен ретінде, жалпы, Қазақстанда және, атап айтқанда, қазақстандық студенттер арасында зерттелмеген.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділгін бекітетін шетелде оқитын қазақстандық студенттердің оқуының табыстылығының латентті факторлары табылған; Қазақстанның жеке азаматы ретінде шет елде оқуға көмектесетін оның тұлғалық қасиеттеріне «мақсатқа ұмтылушылық», «төзімді болу», «Казақстан елімен өзінің ортақтығын сезінуі», **этностық аспектілері бойынша** шет елде оқитын студенттердің еңбек сүйгіштігі, білімге құштарлық, ата-анаға мейірімділік, отбасына деген жанашырлық тұлғалық сапалары анықталды

4-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені оны автор жеке өзі жүргізген, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі сапалық және математикалық-

статистикалық талдау мен өңдеу нәтижелерімен, компьютерлік бағдарламаларls (SPSS) пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерінің статистикалық мәнділігі мен дәлдігін растаумен расталады.

5 – нәтиже жаңа болып табылады

Шетелде білім алатын қазақстандық студенттер алғаш рет стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық тұрғысынан жан-жақты зерттелді, бұл алдағы уақытта этностық аспектілерді ескере отырып, оларды даярлаудың, оқытудың және білім беретін қабылдаушы елде бейімделуінің тиімді бағдарламасын жасақтауға жол ашады.

Қазақстанда алғаш рет диссертациялық зерттеу аясында шетелде табысты білім алудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде резильенттілік (ағылшын. resilience) қарастырылып, **резильенттілік, өмірге шыдамдылық және стреске төзімділік ұғымдары ажыратылады**.

С.Е. Дуанаеваның диссертациялық зерттеуі шетелде оқитын қазақстандық студенттердің стресі мен резиленьтілігінің этнописхологиялық аспектілерін теориялық-методологиялық негізде терең зерттелуімен белгілі бір нақты үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы шетелдік студенттердің стресі мен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу, Қазақстандық студенттердің шетелде табысты білім алуының факторлық құрылымын жасақтау этнопсихологиялық аспектілерді, заманауи кезеңдегі жоғары білім беру мәселері бойынша оңтайлы шешімдерді қабылдауды, қазіргі бар этностық стереотиптердің аясынан шығуға талпынатын бәсекеге қабілетті қазақ ұлтын қалыптастыруды ескере отырып, қазақ халқының кадрлық әлеуетін қалыптастырып, дамытудың ғылыми-психологиялық негізін құрайтынымен анықталады.

Теориялық және эмпирикалық бөлімдердегі диссертациялық зерттеу материалдары оқу-білім беру процесінде, оқу құралдарының, арнайы курстардың, әдістемелік жасақтамалардың мазмұнында, шетелде оқитын немесе оқығысы келетін қазақстандық студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру үшін әлеуметтік мекемелерде; ҚР білім алатын шетелдік студенттермен тәрбиелік-білім беру жұмысын ұйымдастыруда ғылыми-әдістемелік негіз ретінде қолданылуы мүмкін.

Шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі, стресі және копинг-мінез-құлқы диагностикасының ұсынылатын бейімделген және практикалық апробацияланған инструментарийі әрі шетелде білім алуға даярлық кезеңінде, әрі шетелде білім алу кезеңінің түгелдей барысында мониторинг ретінде қолданылуы мүмкін.

Талдау нәтижелерін қорытындылай отырып, С.Е. Дуанаева жүргізген зерттеулер мәселесі өте өзекті, ал ұсынылған материалдар маңызды теориялық және қолданбалы мәнге ие. Әрине, мәтіннің жоғары кәсіби сауаттылығын, талқыланатын ережелерді түсіндірудің тиянақтылығын, алынған қорытындылардың негізділігін атап өткен жөн.

Эмпирикалық зерттеудің өту барысын, талдау мен өңдеу сатыларын өте жоғарғы деңгейде сипаттай отырып, автор қойылған мәселені жүйелі және логикалық тұрғыдан зерттеуге деген зерттеушілік қабілетін көрсетті.

Осылайша, ұсынылған зерттеу толық талдау жұмысының сапалы мазмұнына ие.

Теориялық талдау нәтижелерінің негізділігі мазмұндық сәйкестілік, эксперименттік растаумен және басқа зерттеушілер мәліметтерімен келістірілумен реттеледі, ғылыми форумдардағы, ғылыми конференциялардағы жарияланымдар түрінде теориялық және эмпирикалық зерттеулер нәтижелерін кеңінен апробациялаумен расталды.

Зерттеу барысында шетелде білім алатын студенттердегі стресс және резильенттіліктің, копинг-мінез-құлқының этностық аспектісі рөлін анықтаудан, студенттердің шетелде білім алуына бейімделуіне, әрі олардың кейінгі бәсекеге қабілеттілік деңгейіне айтарлықтай ықпал ететін ассимиляция және аккомодация процестерін студенттердің бастан өткізуінің этностық өзгешелігін ескеретін **ғылыми зерттеу міндеттері орындалды**.

Дегенмен, автордың назарын диссертацияның мазмұнына жалпы оң бағасына кедергі келтірмейтін келесі ескертулер мен ұсыныстар бар екеніне аудару қажет:

- мәтінді мұқият техникалық редакциялау қажет;
- қазіргі шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі, стресі және копинг-мінез-құлқы оқытудың табысты өтуіне әсері және этнопсихологиялық аспектісініне қатысты мәселелерді күшейту және нақтылау қажет.

С.Е. Дуанаеваның жұмысына оң баға бере отырып, жалпы алғанда, оның теориялық және практикалық зерттеушілік қабілеті мен ғылыми креативтілгі сөзсіз екенін мойындау керек.

Ұсынылып отырылған «Шет елде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы психология ғылымдары бойынша диссератцияларға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді және жоғарғы ғылыми-теориялық және эмпирикалық деңгейде орындалған өзбеттілі ғылыми зерттеу болып табылады

Осыған байланысты жалпы және қолданбалы психология кафедрасының мүшелерінен осы жұмысты «6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңеске ұсынуға қолдау көрсетуді сұраймын.

Ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
жалпы және қолданбалы
психология кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы **С.К. Бердибаева**